

Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 184 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 мамырда № 7633 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 13.08.2014 № 508 (2015.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасы бекітілсін.

2. Бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-майор А.Ж. Күреңбековке және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты Қ. Қасымов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0 н а у р ы з д а ғ ы

№ 1 8 4 б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 305 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3228 санымен тіркелген).

2. «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2007 жылғы 21 маусымдағы № 185 бұйрығының 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4794 санымен тіркелген).

3. «Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 327 бұйрығының 3-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5064 санымен тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, № 1, 2008 жылғы 27 наурыз; 2008 жылғы 25 қаңтар № 12 (1238) «Заң газеті» газетінде жарияланған).

4. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 305 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі № 125 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5835 санымен тіркелген).

5. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 305 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 67 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6125 санымен тіркелген, 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 48 (1670) «Заң газеті», 2010 жылғы 7 сәуірдегі № 48 (1845) «Юридическая газета» газеттерінде жарияланған).

6. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріндегі сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 21 қазандағы № 305 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Әділет

4. ТМ-де және тәрбие колонияларында (бұдан әрі – ТК) өздігінен қызмет ету ұйымдары құрылады.

2. ТМ-де тәрбие жұмысын жоспарлау

5. Тәрбие жұмысын жоспарлау осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылады.

6. Сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізі жоспар болып табылады. Т М - д е :

1) сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жеке бөлім болып жоспарланатын ТМ-нің тоқсанға арналған жұмыс жоспары;

2) жасақта тәрбие жұмысын жүргізудің тоқсанға арналған жоспары жасалады.

7. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жоспарлау ТМ-де ұсталатын сотталғандарды түзеу және қайта әлеуметтендіру бойынша міндеттерді шешуде ТМ-нің барлық қызметтерінің күш-жігерін үйлестіруді қамтамасыз етеді.

8. Жоспарларда тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, сотталғандармен жеке-тәрбие жұмысы, оларды жалпы және кәсіптік оқыту, сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарына басшылық ету, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу, діни және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасу мәселелер көрсетіледі .

9. Тәрбие жұмысын жоспарлау жоғары тұрған органдардың бұйрықтары және нұсқаулары, сотталғандар құрамындағы өзгерістер ескеріле отырып, өткен кезеңдегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарындағы ТМ-нің және жасақтың қызметін, тәртіптің жай-күйін, ТМ-дегі жедел жағдайды талдау негізінде жүзеге асырылады .

10. ТМ-нің тоқсандық жұмыс жоспарында сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы бөлімін сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бастығы жасайды, оны бастықтың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары келісіп, Т М б а с т ы ғы б е к і т е д і .

11. Жасақтағы тәрбие жұмысының тоқсандық жоспарларын сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бастығы келісіп, ТМ бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекітеді.

3. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тәрбиелік ықпал ету

12. Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу сотталғандардың түзелуіне, олардың қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға ұмтылысын, еңбекке адал көзқарасын қалыптастыруға, сотталғандардың білімі мен мәдени деңгейін арттыруға және одан әрі дамытуға бағытталған.

13. Сотталғандармен тәрбие жұмысы түзеу мекемесінің түрін, жаза мерзімін,

ұстау жағдайларын, олардың жеке басының ерекшеліктерін және олар жасаған қылмыстардың мән-жайларын ескере отырып жүргізіледі.

14. ТМ-де тәрбие жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары адамгершілік, әлеуметтік-құқықтық, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру, психологиялық тәрбие, сондай-ақ сотталғандарды түзеу мақсатына қол жеткізуге ықпал етудің басқа да түрлері болып табылады.

Адамгершілік тәрбиесі сотталғандарда моральдық-этикалық түсінікті қалыптастыруға, әрбір сотталған адамның қоғамда өз тәртібін күнделікті сыртқы бақылаусыз реттеу қабілеттігін қалыптастыруға бағытталған. Адамгершілік тәрбиеге өзгелердің құқығын және жеке намысын құрметтеу, адамның өміріне қол сұғылмаушылықты сезіну, адалдық пен шынайылыққа тәрбиелеу кіреді;

Әлеуметтік-құқықтық тәрбиесі сотталған адамның мемлекет пен азамат арасындағы өзара қарым-қатынасы, сотталғандардың бас бостандығынан айыру орындарында жұмысқа орналасу, білім алу, отбасылық қарым-қатынас саласында құқықтары мен міндеттері туралы білулері, құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігіне көз жеткізуі, жасаған қылмысының қоғамдық қауіптілігінің мәні туралы түсінік алуына бағытталған. Әлеуметтік-құқықтық тәрбиеде жүргізіліп жатқан реформаның, елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың, қылмыстық жазаны орындау шегінде нормативтік құқықтық актілердің мәні түсіндірілуі тиіс;

Эстетикалық тәрбиесі сотталғандардың эстетикалық талғамының және қоршаған ортаға адал қатынастың қалыптасуына ықпал ететін табиғат, өнер, әдебиет, сурет сұлулығының түсінігін дамытуға бағытталған;

Еңбек тәрбиесі сотталғанның еңбек деген қабілетін дамытуға, оған босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу үшін қажетті мамандық алуына мақсатталған;

Дене тәрбиесі бас бостандығынан айыру орындарында сотталғанның денсаулығын бірқалыпты ұстауға және бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған. Бұл үшін спорттық алаңдар, имараттар, жабдықтар мен керек-жарақтар жабдықталады;

Психологиялық тәрбиесі жазасын өтеп жатқан адамның психологиялық іс-әрекетінің заңдылығын зерттеуге, оның қылмыстық көзқарасын бұзу, сотталғанның жеке басының динамикасын, оның түзелу процесінде ықпал ететін негізгі факторды зерттеуге, сотталғанды қайта әлеуметтендіруге бағытталған.

15. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу психологиялық-педагогикалық әдістер негізінде жеке, топтық және бұқаралық нысандарда ұйымдастырылады.

Сотталғандармен топтық және бұқаралық тәрбие жұмыстары (сабақтар; дәрістер; жиындар; диспуттар; конкурстар; көркем өнерпаздық қараулар; спорттық-ойын-сауық іс-шаралары; өздігінен қызмет ету ұйымдарына қатысу; психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық) әртүрлі

көлемдегі топтарда тәрбие жұмысын өткізуді көздейді.

Жеке тәрбие жұмысы сотталғанның жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделуіне және сотталғандармен жұмыс жасау бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

16. Сотталғандармен жұмыс жасау бағдарламасы психологтың ұсыныстары негізінде оның мекемеде болған барлық кезеңіне құрылады және төрт негізгі кезеңге :

- 1) бейімделу кезеңіне ТМ-гі өмірдің жаңа жағдайларына үйрену;
- 2) даму кезеңіне, өмірдің жаңа жағдайларына қызығушылықты дамыту;
- 3) сыртқы ықпалдың өзі-өзін тәрбиелеумен үйлесу кезеңіне;
- 4) сотталғанның босатылуына дейінгі кезеңге бөлінеді.

17. Сотталғанмен жұмыс жасау бағдарламасының негізінде ТМ-да болған әрбір кезеңге жасақ бастығы жеке тәрбие жұмысының жоспарын құрады.

18. Сотталғанды зерттеу нәтижелері және онымен тәрбие жұмысын жүргізу қорытындылары ай сайын осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес жеке тәрбие жұмысын жүргізу күнделігіне жазылады.

4. Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысы

19. Карантин бөлімшесінде болған кезі сотталғанды алдын-ала зерттеу, мінез-құлқының негізгі ерекшеліктерін, психологиялық ерекшеліктерін зерттеу, жалпы білім деңгейін анықтау, сондай-ақ денсаулық жағдайын тексеру және санитарлық-гигиеналық шараларды өткізу үшін пайдаланылады.

20. Карантин бөлімшесінде сотталғандармен сабақтар өткізіледі, оның мақсаты олардың құқықтары мен міндеттерін, режим, ішкі тәртіп қағидалар талаптарын, ТМ әкімшілігімен және басқа да сотталғандармен өзара қарым-қатынастарын түсіндіру болып табылады.

21. Сотталғандардың әрқайсысына ТМ түрінің өзгеруі, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға (бұдан әрі – ШТМБ) ұсыну, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (бұдан әрі – НЖЖА) және жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ ТМ түрінің өзгеру мүмкіндігі, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға ұсыну, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру және жазаны өтеудің бір жағдайынан басқасына ауыстыру мерзімдері жөнiнде х а б а р л а н а д ы .

22. Карантин бөлімшесінде сотталғандармен тәрбие жұмыстары сабақ, әңгімелесу және ТМ қызметкерлерімен кездесу түрінде жүргізіледі, сотталғандарға газеттер, журналдар, кітаптар оқу, орталық және жергілікті радио

хабарларын тыңдау, теледидардан хабарлар көру мүмкіндігі беріледі.

23. Жаңадан келген сотталғандармен жұмыс осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес сотталғандардың кешенді үлгі оқу жоспары бойынша карантин бөлімшесінде жүзеге асырылады.

24. Карантин бөлімшесінде сотталғандардың кешенді оқу жоспарының тармақтарын орындау осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес түзеу мекемесі қызметтері мен бөлімдерінің карантин бөлімшесіне кіру журналында көрсетіледі.

25. Психолог жаңадан келген сотталғандарға психодиагностикалық тексеру жүргізеді және олардың әрқайсысына осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес жеке зерттеу сызбасын толтырады.

26. Өткізілген жұмысты талдау нәтижелері бойынша психолог психологиялық мінездеме жасап, тиісті қызметтерге жаңадан келген сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің негізгі бағыттары бойынша ұсыныс береді, олар сотталғандардың жеке-тәрбие жұмыстары күнделігіне е н г і з і л е д і .

27. Карантин бөлімшесіне жаңадан келген сотталғандармен жұмыс жүргізу үшін ТМ бастығының бұйрығымен бар жасақ бастығы бекітіледі, оған тәрбие жұмыстарын жүргізу, жеке-тәрбие жұмысының күнделігін бастапқы толтыру және сотталғандарды жасаққа бөлуді дайындау жөніндегі міндеттер жүктеледі.

28. Сотталғандардың карантин бөлімшесінде болу қорытындысы бойынша сотталғандарды жасақтарға бөлу жасалады.

5. Жасақтарда сотталғандармен тәрбие жұмысы

29. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің негізгі ұйымдастырушылық нысандары жасақта іске асырылады.

30. ТМ, түрменің және тергеу изолятордың (бұдан әрі – ТИ) сотталғандар жасағы тәрбие процесін басқару және сотталғандармен қылмыстық жазаны өтеудің оңтайлы жағдайларын құруды қамтамасыз ететін түзеу мекемесі құрылымындағы негізгі ұйымдастырушылық буын болып табылады. Жасақты ж а с а қ б а с т ы ғ ы б а с қ а р а д ы .

31. Сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жүргізу жасақ бастығына жүктеледі. Жасақ бастығы өзінің қызметінде қылмыстық-атқару заңнаманы және қылмыстық жазаны орындау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

32. Жасақ бастығы өз қызметін ТМ-нің жұмыс жоспары негізінде жасақтың ерекшеліктерін, сотталғандардың жеке қасиеттерін, сондай-ақ ТМ-нің басқа қызметтерінің ұсыныстарын және психологтың ұсынымын ескере отырып тоқсан сайын жоспарлайды және ұйымдастырады.

33. Жасақ бастығы сотталғандарға олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс шарттарын түсіндіреді, заңнамалық актілерге қол жетімділігін қамтамасыз етеді және олармен осы Қағиданың 5-қосымшасына сәйкес тақырыптық жоспар бойынша әлеуметтік-құқықтық мәселелер бойынша сабақтар өткізуді ұйымдастырады.

34. Сотталғандардың заңмен белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігі аяқталған кезде жасақ бастығы сотталғандардың әрқайсысына осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес мінездеме дайындайды, оны жеке іске тігеді және ол жазаны өтеу шарттары, ТМ түрін өзгерту, жазаны өтеуден ШТМББ, НЖЖА туралы мәселелерді шешкен кезде ескеріледі.

35. Жасақ бастығы сотталғандармен тәрбие жұмысын ұйымдастырады және сол жұмысты жүргізуге жауап береді, осы мақсатта басқа қызметтердің қызметкерлерін қатыстырады, олардың есебінен жасақтың тәрбиешілер кеңесі (бұдан әрі – ЖТК) құрылады.

36. ЖТК сотталғандармен жасақ буынында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жасақ бастығына көмек береді. ЖТК отырыстары кемінде айына бір рет өткізіледі.

37. ТМ бастығының бұйрығымен ЖТК бір жыл мерзімге, бес адамнан кем болмайтын құрамда құрылады. Оның құрамына жасақ бастығы, сотталғандармен жұмыс жасау дағдысы мен қабілеті бар ТМ-нің басқа қызметкерлері, жалпы білім беретін және кәсіби мектептердің, оқу кеңестік пункттердің, лицейлердің оқытушылары кіреді. Жасақ бастығы ЖТК төрағасы болып табылады.

38. ЖТК мүшелері сотталғандармен тәрбиелік әңгімелесу жазбасын сотталғанның жеке-тәрбие жұмыстарының күнделігіне енгізеді.

39. ЖТК мүшелері сотталғандарды ШТМББ немесе НЖЖА, ТМ түрін өзгерту және жазаны өтеудің басқа жағдайларына ауыстыру, сондай-ақ ТМ-нен тыс жерге шығу жөніндегі сипаттамалық материалдарды дайындау кезінде мінездемелерді талқылауға қатысады, сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының жұмыстарына көмек көрсетеді.

40. Сотталғандардың мінездемесі – бұл ЖТК мүшелерінің жаза өтеудің белгілі мерзіміндегі сотталғандардың тәртібін ұжымдық бағалау, сондай-ақ оларды түзеу дәрежесін анықтау.

41. ЖТК отырыстарында сотталғандармен одан әрі жеке-тәрбие жұмысы бойынша ұсынымдар ұжымдық түрде жүзеге асырылады, ол жеке-тәрбие жұмысының күнделігіне жазылады.

42. ЖТК сотталғанның әр қайсысына қатысты төмендегідей түзелу дәрежелерін анықтайды:

- оң мінезделетіндер үшін:
- 1) өзінің түзелгенін дәлелдеді;

2) нақты түзеу жолына түсті;

3) түзеу жолына түсті.
теріс мінезделетіндер үшін:
түзеу жолына түспеді.

43. Түзелу дәрежесі туралы мінездеме сотталғанның жеке ісіне тігіледі.

44. Түзелу дәрежесі туралы ЖТК қорытындылары ЖТК отырыстарында сотталғанның (сотталушының) назарына жеткізіледі.

45. Жазаны өткерудің белгіленген тәртібін қасақана бұзған оң түзелу дәрежесі бар сотталған бұл дәрежеден айырылады. ЖТК отырысында қайта қарау тек жазалауды өтегеннен (алынғаннан) кейін бірақ кем дегенде үш ай өткеннен кейін ғана өткізіледі.

46. ЖТК жұмысының нәтижелері қажет болған жағдайда ТМ қызметкерлерінің жалпы жиналысында қаралады, алайда бір жылда бір реттен с и р е к б о л м а у ы т и і с .

47. Жасақта сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге психолог қатысады, о л :

1) сотталғанның жеке басын барынша терең зерделейді;

2) сотталғандар арасында жеке тұлғалық қарым-қатынасты айқындайды;

3) жеке тұлғалық және топаралық жанжалды жағдайлардың туындау себептері мен салдарын зерделейді;

4) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзудың алдын-алу бойынша ұсыныс әзірлейді және ТМ басшылығымен және қызметкерлерімен консультативтік жұмыстар жүргізеді;

5) осы Қағиданың 7-қосымшасына сәйкес ТМ қызметкерлерінің өтінімі бойынша сотталғандарға психологиялық зерделеу жүргізеді.

6. Жазаны өтеудің дағдылы жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

48. Жазаны өтеудің дағдылы түріндегі тәрбие жұмысын жүргізудің мақсаты сотталғандарды ТМ-де жаза өтеу жағдайларына бейімделу болып табылады.

49. Жазаны өтеудің дағдылы жағдайында тәрбие жұмысын жүргізудің м і н д е т т е р і :

1) сотталғандарға олардың құқықтары мен міндеттерін, еңбек және демалыс ш а р т т а р ы н түсіндіру;

2) ТМ жұмысын регламенттейтін және жазаның орындалуын реттейтін заңнамалық актілерге қол жетімділікті қамтамасыз ету;

3) сотталғандарға заңға бағыну тәртібінің негізін;

4) сотталғанның жеке басын жан-жақты зерделеу;

5) сотталғанға тәрбиелік ықпал етудің дұрыс қабылдануын және қоршаған ортаның жағымсыз әсер етуіне қарсылық білдіруіне психологиялық дайындығын анықтау болып табылады.

50. Дағдылы жағдайда белгіленген жаза мерзімін өткергеннен кейін Жасақ бастығы сотталғанды ТМ Комиссиясына жолдау үшін мынадай құжаттарды:

- 1) түзелу дәрежесі туралы қорытындылары бар мінездеме;
- 2) ЖТК отырысы хаттамасынан үзінді;
- 3) сотталғанның жеке-тәрбие жұмыстарының күнделігін даярлайды.

51. Жеңілдетілген жағдайға ауыстыру немесе жеңілдікті жағдайда қалдыру туралы ТМ Комиссияның шешімі хаттамаланады, үзіндісі жеке іске тігіледі, ал сотталғанның жеке-тәрбие жұмыстарының күнделігіне тиісті жазбалар жазылады.

7. Жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

52. Жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайында тәрбие жұмысын жүргізудің мақсаты:

- 1) бейімделу процесінің аяқталуы;
- 2) дағдылы жағдайларда қалыптасқан оң дағдыларды одан әрі дамыту және бекіту болып табылады.

53. Жеңілдетілген жағдайларда тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

- 1) сотталғандарды ТМ-нің қоғамдық қызметіне тарту;
- 2) оң қабілеттері мен құлшыныстарын көрсету үшін жағдай жасау;
- 3) өзін-өзі тәрбиелеуге ниеттеу;
- 4) білім, мамандық алудағы пайдалы бастамаларды ынталандыру;
- 5) отбасылық байланысты нығайту;
- 6) өз кінәсін түсіну, құқықты мойндайтын мінез-құлыққа талпыну болып табылады.

54. Жеңілдетілген жағдайларда жазасын өтеу кезінде сотталған жылына бір рет оң мінез-құлқының тұрақтылығын бекіту және оны одан әрі түзеу дәрежесі анықтауына тартылады.

8. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

55. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің мақсаты:

- 1) сотталғанның заңсыз әрекеттерінің салдарын зерделеу және жою;
- 2) сотталғанға тәрбиелік ықпал етудің дұрыс түсінігін қалыптастыру, өз

кінәсін түсінуі болып табылады.

56. Жазаны өтеудің қатаң жағдайлардағы тәрбие жұмысын жүргізудің міндеттері:

1) сотталғанды қасақана тәртіп бұзушы деп тануға себеп болған салдар мен жағдайларды жан-жақты талдау;

2) психологтық-педагогикалық ықпал етудің ұтымды нысандарын, құралдары мен себептерін іздестіру және тәжірибеге енгізу;

3) сотталғанға онымен тәрбие жұмысын жүргізуге оң қатынасын қалыптастыру;

4) заңға бағынушылық мінез-құлықты, қоршаған орта болмысын дұрыс түсінуді қалыптастыру;

5) ТМ-нің қоғамдық қызметіне одан әрі қатысуға алғышарттар жасау болып табылады.

57. Сотталған қатаң ұстау жағдайындағы жасаққа келген соң жасақ бастығы оның жеке ісін, сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігіндегін, психологтың ұсынысын мұқият зерделейді.

58. Жасақ бастығы сотталғанның жеке басын зерттеу мақсатында жеке-тәрбиелік әңгімелер жүргізеді, сотталғанның одан әрі жазаны өтеу ниетін анықтайды. Алынған мәліметтерді сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігіне жазады.

59. Қатаң жағдайларда жазаны өтеудің белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін жасақ бастығы ТМ Комиссиясына ұсыну үшін мынадай материалдарды:

1) жазаның одан әрі мерзімін дағдылы жағдайларда өтеу дайындығы дәрежесі туралы қорытындылары бар мінездеме;

2) ЖТК отырысы хаттамасынан үзінді;

3) сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігін дайындайды.

60. Сотталғандарды дағдылы жағдайларға ауыстыру немесе жазаны өткерудің қатаң жағдайында қалдыру туралы ТМ Комиссияның шешімі хаттамаланып, үзіндісі жеке іске тігіледі, ал сотталғанның жеке-тәрбие жұмыстары күнделігіне қабылданған шешім жөнінде жазба жазылады.

9. Жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

61. Жазаны өтеудің жеңілдікті жағдайларында тәрбие жұмысын жүргізудің мақсаты:

1) сотталғанның әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету;

2) сотталғанның бостандықтағы өмірге дайындық дәрежесін тексеру болып табылады.

62. Жеңілдікті жағдайларда тәрбие жұмысын ұйымдастыру міндеттері:

- 1) түзелу нәтижелерін бекіту;
- 2) босатылғаннан кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі;
- 3) отбасымен байланысты орнату және нығайту;
- 4) өзін-өзі тәрбиелеу, өзінің мінез-құлқын дербес реттеу қабілетін, бостандықтағы өмірге психологиялық даярлық нәтижелерін бекіту болып табылады.

10. Сотталғандарды босатылуға дайындау кезінде олармен тәрбие жұмысын жүргізу

63. ТМ-де жазасын өтеп жатқан адамдарды босатуға дайындау ТМ-ге келген алғашқы күннен басталады.

64. Сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру сотталғандарды еңбекке және тұрмыстық орналастыру жөніндегі аға инспекторға жүктеледі. Босатылуға дайындау сабақтарын өткізуге ТМ-нің барлық қызметкерлері қатыстырылады.

65. Сотталғандарды ТМ-нен босатуға дайындау бойынша сабақтар сотталғандар арасындағы тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің бастығы әзірлеген және ТМ бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары бекіткен арнайы бағдарлама бойынша өткізіледі.

66. Бағдарламада құқықтық және ұйымдастырушылық мәселелері, босатылатындарға төлқұжаттар (жеке куәлік) беру тәртібімен таныстыру және тұрақты мекенжайы бойынша тіркелу, соттылығын алу және есептен шығару шарттары бар тұрмыстық, жұмысқа орналастыру, әкімшілік бақылау және сотталғанның босатылғаннан кейінгі өмірін жайғастыруға байланысты басқа да бірқатар мәселелерін қамтиды.

67. Бағдарламада сотталғанның босатылуға психологиялық дайындығын көздейді.

68. Психолог:

1) сотталғандарды жазаны өтеу орындарынан босатуға және жаңа жағдайларда одан әрі өмір сүруге арнайы психологиялық дайындық жүргізіледі, оларға қайта әлеуметтену, өз мінез-құлқын жеке реттеуіне көмек көрсетеді;

2) сотталғанға әрқашан дайын бола бермейтін ерекше қиындықтар туралы әңгімелесулер жүргізеді (босатылу болашағымен, еңбек және тұрмыстық орналасу белгісіздігімен, туысқандармен, достармен, көршілермен, қылмыстан жәбірленушілермен, олардың туысқандарымен және т.б. қарым-қатынастағы проблеманың болуымен негізделген алаңдаушылық деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар өткізеді);

3) сотталғандардың ой-өрісін, олардың сезімін, әдеттерін, жаңа жағдайларда тиісті мінез-құлықты қалыптастыруда психологиялық жағдайдың икемін белсендетуге көмектеседі;

4) жаңа әлеуметтік ортада өмір сүруге және онда қосымша қуат жұмсамай ішкі қарсылық пен ауыртпалықты жеңуде іс-әрекетті жүзеге асыруда психологиялық дайындығын қалыптастырады;

5) сотталғандарға кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша психологиялық көмек көрсетеді.

69. Босатылғанға дейін 6 айдан кешіктірмей, осы Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес әрбір сотталған мекеме бастығының атына өтініш жазады, онда болжамды баратын мекен-жайы, жұмыс орыны, тұрмыстық және жұмысқа орналасу бойынша оған қандай көмек керектігі көрсетіледі.

70. Бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей сотталған таңдаған тұрғылықты жерінің жергілікті атқарушы органдарына оның алдағы уақытта босатылуы, үй-жайының бар-жоғы, оның еңбекке жарамдылығы және мамандықтары туралы осы Қағиданың 9-қосымшасына сәйкес хабарлама жіберіледі.

71. Осы Қағиданың 10-қосымшасына сәйкес тұрмыстық және жұмысқа орналасу көмегіне мұқтаж барлық сотталғандар тұрмыстық және жұмысқа орналасуға мұқтаж адамдарды есепке алудың арнайы журналында ескеріледі.

72. Жаза мерзімін өтеп болғанынан кейін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуына 20 күннен кешіктірмей, ал өзге де негіздер бойынша босатылған кезде босатылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде олардың таңдаған тұрғылықты жері бойынша Астана және Алматы қалалары, облыстық ішкі істер департаменттеріне осы Қағиданың 11-қосымшасына сәйкес хабарлама жолданады.

73. Сотталғандарды босатылуға дайындау бойынша жұмыстардың нәтижелері сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігінде көрсетіледі, материалдар сотталғанның жеке ісіне тіркеледі.

11. Жасақ бастығының, психологтың құжаттамасы

74. Жасақ бастығы осы Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес мынадай құжаттаманы:

1) жасақ бастығының журналын, онда: жасақтағы сотталғандардың тізімдік құрамы; сотталғандарды көтермелеу және жазалауды есепке алу; тәртіптік практиканы талдау; жаза өтеудің белгіленген тәртібін бұзуға бейім адамдардың және профилактикалық есепте тұрған сотталғандардың тізімі; жасақта тәрбие жұмыстарының тоқсанға арналған бірыңғай кешендік жоспарлары көрсетіледі;

2) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес сотталғанның жеке-тәрбие жұмысы күнделігін;

3) сотталғандардың жасақта өткізілетін сабақтар мен іс-шараларға қатысуын есепке алу журналын;

4) ЖТК хаттамаларының журналын;

5) сотталғандарды жеке мәселелері бойынша қабылдау журналын жүргізеді.

75. осы Қағиданың 13-қосымшасына сәйкес психолог мынадай құжаттаманы:

1) карантиндегі сотталғандарды қабылдау журналын;

2) жеке мәселелер, психологиялық кеңес, психокоррекциялық және психопрофилактикалық шаралар жөнінде қабылдау журналын;

3) сотталғандарды (оның ішінде қызметкерлердің өтініштері бойынша) психодиагностикалық тексеру хаттамаларының журналын;

4) сотталғандардың туысқандарына арналған кеңес беру журналын;

5) профилактикалық есепте тұрған адамдарды есепке алу журналын;

6) сотталғандарға арналған психологиялық босаңсу бөлмесінде өткізілетін шараларды есепке алу журналын;

7) профилактикалық есепте тұрған адамдардың картотекасын жүргізеді.

Қажет болған жағдайда, журналдардағы бағаналар саны көбейтілуі мүмкін.

Психолог жеке тұлғаны зерттеу нәтижелерін кәртішкелерге немесе электрондық тасымалдағыштарға енгізеді, олардан алфавиттік картотека (ақпараттық деректер базасы) қалыптасады.

12. ТМ-дегі сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары

76. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары құрылады және өз жұмысында Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасын, сондай-ақ осы Қағиданы басшылыққа алады.

77. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының жұмысына қатысуы азаматтық белсенділік және түсінік еркіндігінің айқындығы болып табылады. Өздігінен қызмет ету ұйымдардың құрамына кіретін сотталғандар, бастапқы қоғамдық жұмыстарды істейді және негізгі жұмыстардан босатылмайды, қосымша жеңілдіктер мен ерекше жеңілдіктерді қолданбайды.

78. ТМ-гі сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдардың қалыптасуын бақылау ТМ бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

79. Өздігінен қызмет ету ұйымдарының негізгі міндеттері қоғам үшін пайдалы бастамаларды көтермелеу және сотталғандардың түзелуіне әсер ету; жұмысын, тұрмысы мен бос уақытын ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу болып табылады.

80. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары:

- 1) тәртіп және реттілікті ұстануда;
- 2) сотталғандар арасында сауатты өзара қарым-қатынасты қалыптастыруда;
- 3) сотталғандарға және олардың туыстарына әлеуметтік көмек көрсетуде мекеме әкімшілігіне көмектеседі.

81. Сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдары құрылымдық секциялардан тұрады.

82. Өздігінен қызмет ету ұйымдарына:

- 1) бос уақыт және өзі-өзін тәрбиелеу;
- 2) өндірістік;
- 3) санитарлық-гигиеналық секциялар кіреді.

Егер сотталғандардың өздігінен қызмет ету ұйымдарының қызметі жазаларды орындау шарттары және мақсаттарына қайшылық тудырмаса, басқа да өздігінен қызмет ету ұйымдарын құруға тыйым салынбайды.

83. Бос уақыт және өзі-өзін тәрбиелеу секциясы (бұдан әрі - БУЖӨТС) сотталғандардың бос уақытын ұйымдастыруға, спорттық, мәдени-бұқаралық, үйірме, ағартушылық, насихаттау және басқа да шараларды өткізуіне қатысады.

Секцияның құрамына:

- 1) кітапхана жұмысшысы;
- 2) клуб жұмысшысы;
- 3) көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері;
- 4) спорттық іс-шараларды ұйымдастырушылар;
- 5) көрнекі ақпаратты безендірушілер.

БУЖӨТС жұмыстарына тікелей бақылауды ТМ бастығының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

84. Өндірістік секция:

1) сотталғандарды еңбек қызметіне, орындалатын жұмыстардың және шығарылатын өнімдердің сапасын арттыруға қатыстырады;

2) ТМ қызметкерлерімен бірлесіп техникалық қауіпсіздікті сақтау жөнінде рейдтерді жүргізеді;

3) озық тәжірибелерді, өнертапқыштық және жаңашылдықты таратуға жәрдемдеседі;

4) ТМ әкімшілігіне сотталғандарды еңбекте пайдалану туралы ұсыныс енгізеді.

Секция жұмысына тікелей жетекшілік жасау және бақылау ТМ бастығының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктеледі.

85. Санитарлық-гигиеналық секция:

- 1) сотталғандар арасында санитарлық ағартушылық жұмысын өткізу;
- 2) сотталғандардың жеке гигиена және өндірістік санитарияны сақтау;
- 3) жасақтардың тұрғын, коммуналдық-тұрмыстық үй-жайларының және ТМ

аумағының санитарлық жағдайын тексеру бойынша медицина қызметкерлерімен бірлесіп рейдтер жүргізу;

4) санитарлық бюллетеньдер, қабырға газеттері мен радио бағдарламаларын шығару бойынша жұмыстарға қатысады.

ТМ бастығының емдеу-профилактикалық жұмыс жөніндегі орынбасары секцияның жұмысына тікелей басшылықты жүзеге асырады.

86. Өздігінен қызмет ету ұйымдардың отырысы кем дегенде тоқсанына бір рет өткізіліп, хаттамамен ресімделеді. Талқыланатын мәселелердің сипатына қарамастан отырыста ТМ әкімшілігінің өкілі қатысады.

13. Кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

87. ТК-гі тәрбие жұмысы бірыңғай оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және сотталғандарды түзеу мақсатында оларға жоспарлы және мақсатты ықпал етумен айқындалады. Кәмелетке толмаған сотталғандармен тәрбие жұмысы кәмелетке толмаған сотталғандарға ықпал етудің психо-педогогикалық әдістердің озық тәжірибелерін қолдану арқылы жеткіншектердің жеке басының психологиялық ерекшеліктері мен жеткіншектің ерекшелік жасына, психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып дифференциалды түрде жүргізіледі.

88. Тәрбие колониясында сотталғандар ұжымының негізгі құрылымдық бөлінісі психологиялық біртұтас принцип бойынша қалыптасқан 20-30 адамнан тұратын бөлімше болып табылады. Жасақты 4-5 бөлімше біріктіреді. Бөлімшені тәрбиеші, жасақты жасақ бастығы (аға тәрбиеші) басқарады. Сотталғандардың жасағы ТК құрылымындағы буынмен ұйымдастырылған, қылмыстық жазаны өтеп жатқан сотталғандардың оңтайлы шарттарын құру және түзеу-тәрбие басқармасының процесін қамтамасыз ету болып табылады.

89. Тәрбие аппаратының қызметкерлері сотталғандарға ерекше жеке жағдайына байланысты қысқа мерзімді шығуды ұсынуға, колония қызметкерлерінің тәрбие колониясынан тыс спорттық іс-шараларға және мәдени ойын-сауық орындарына шығару немесе сотталғандардың ата-аналары немесе олардың жақын туыстарын, сондай-ақ тәрбие колониясында жазаны өтеу шарттарының өзгеруіне байланысты мәселелерді шешуге қатысады.

90. Кәмелетке толмаған сотталғандарды тәрбие жұмысына мемлекеттік ұйымдардың, азаматтық және қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құрылған Қамқорлық кеңес қатысады. Тәрбиелік ықпал ету тиімділігін арттыру және әкімшілікке көмек көрсету үшін жасақтарда сотталғандардың ата-аналарынан және басқа да жақын туыстарынан ата-аналар комитеті құрылады. Ата-аналар

комитеттерінің қызметі ТК бастығы бекіткен ережемен реттеледі.

91. ТЖК құрамына жасақ бастығы (аға тәрбиеші), бөлімше тәрбиешілері, мұғалімдер, өндіріс және шаруашылық мектеп шеберлері, сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандармен жұмыс істей білу дағдылары мен біліктері бар тәрбие колониясының басқа да қызметкерлері, ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. ТЖК отырысына сотталғандардың туыстарына, қоғамдық ұйымдардың мүшелеріне және басқа да мүдделі адамдардың қатысуына рұқсат етіледі.

92. Сотталғандарды тәрбиелеу, оқыту және еңбекте пайдалану барлық қызметтерінің іс-әрекеттерін үйлестіруде мәселелерді қарастыру үшін ТК-да Оқу-тәрбие кеңесі (бұдан әрі – ОТК) құрылады.

ОТК кеңесші орган болып табылады. ОТК төрағасы колония бастығы, хатшысы арнайы есепке алу бөлімінің (бөлімше, топ) бастығы болып табылады. ОТК құрамына колония бастығының орынбасарлары, қызмет бастықтары, жалпы және кәсіби білім беретін мектеп директорлары, жасақтардың бастықтары (аға тәрбиешілер), цехтардың бастықтары, аға шеберлер, әдіскер, психолог, кітапханашы, клуб меңгерушісі, дене шынықтыру - спорт жұмыстары бойынша нұсқаушы, тұрмыстық және жұмыстық орналастыру бойынша аға инспекторы, ата-аналар комитетінің және Қамқорлық кеңесінің төрағалары кіреді.

ОТК құрамы колония бастығының бұйрығымен бір жылға жарияланады.

93. ОТК мынадай мәселелер бойынша:

1) тәрбие жұмыстарының кешенді жоспарын және оның келесі тоқсанға арналған жобасын орындау;

2) жедел жағдайды, тәртіп жағдайын;

3) өздігінен қызмет ету ұйымдарының қызметін;

4) тәрбие жұмыстарына режим, өндірістік қызметтердің және жұртшылықтың қатысуын;

5) сотталғандарға мектеп және кәсіби білім беруді ұйымдастыруды;

6) шаруашылық және коммуналдық қамтамасыз ету, тәрбие колониясының тұрғын, спорттық және оқу объектілерін сәулеттендіру;

7) босатылған адамдарды тұрмыстық және еңбекке орналастыру бойынша мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуін;

8) жазаны өткерудің жеңілдік, қатаң жағдайларға ауыстыруды;

9) ТК тіршілік тынысын талқылайды, ұсыныстар әзірлейді және шешімдер қабылдайды.

94. Колонияның ОТК-сы сотталған кешірім жасау туралы өтініш білдірген кезінде өзінің осы өтініштің мәні бойынша пікірін білдіреді.

95. ОТК отырысы айына бір реттен көп өткізілмейді. Шешімдер отырыста комиссия мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан кезде көп дауыс беруімен

кабылданады және ТМ бастығы бекіткеннен кейін ТМ қызметкерлерінің барлығы орындауға міндетті.

14. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізудің ерекшеліктері

96. Өмір бойы бас бостандығынан айырылған (бұдан әрі – ӨББА) сотталған адамдармен жұмыс ұйымдастыруда психологиялық-педагогикалық іс-шаралардың бағыты ТМ әкімшілігінің өкілдеріне, басқа да сотталғандарға және өздеріне қатысты басқыншылықты ескерту және алдын алумен, өз кінәсін түсінуге, өзіндік рухани және адамгершілік мәселелеріне көз жеткізуіне б а й л а н ы с т ы .

97. ӨББА-ға сотталғандар ТМ келгеннен кейін карантин бөлімшелерінің камераларына бір адамнан орналасады.

98. Сотталғандарға карантин бөлімшесінде болған кезеңінде әр сотталғанның жеке психологиялық ерекшеліктерін белгілеу және оларды одан әрі ұстау үшін ұсыныстар дайындауға психологтың жеке бақылауы белгіленеді.

99. ӨББА-ға сотталғандармен тәрбие жұмысы жеке нысанда жүргізіледі. Мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізілмейді. Спорттық жабдықтарды және құрал-саймандарды пайдаланбай жеке дене-шынықтыру ж а т т ы ғ у л а р ы ө т к і з і л е д і .

100. ӨББА-ға сотталғандар орта білім алуға тартылмайды. Оларға дербес білім алу жағдайы жасалады.

101. Әлеуметтік-құқықтық оқыту дәріс түрінде жергілікті радио байланыс арқылы жүргізіледі.

102. Әрбір ӨББА-ға сотталғанға жасақ бастығы жаза өтеудің бір жылдық ж о с п а р ы н ж а с а й д ы .

103. Жоспарды ТМ бастығының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысы бөлімінің бастығы, психолог, психиатр келісіп, ТМ бастығы б е к і т е д і .

104. Жоспарда тәрбие жұмысының барлық бағыттары, сондай-ақ қосымша, жеке бағдарламалар :

- 1) өз бетінше білім алу;
- 2) маскүнемдіктен және нашақорлықтан емделу;
- 3) отбасылық байланысты ұстану;
- 4) діни салттарды жүзеге асыру;
- 5) әдеби іс-әрекет көрсетіледі.

15. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуде психологтардың қатысуы

105. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде психологтардың негізгі міндеттері:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің ТМ және ТИ-да қылмыстық жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жеке тұлғасының жеке-психологиялық ерекшеліктерінің психодиагностикасы, олардың жеке және топтық мінез-құлқын зерделеу және түзеу, сотталғандар ортасында әлеуметтік-психологиялық процестерді зерттеу, бас бостандығынан айыру орындарында жағымсыз жағдайларды болжау және ескерту;

2) сотталғандарға оқшаулау жағдайларына, әлеуметтік ортаға, ұстау режиміне бейімделуде, дағдарыс және күйзеліс жағдайларды жеңуде, жеке тұлғалық қарым-қатынасты оңтайландыруда, босатуға дайындау және қайта әлеуметтендіруде психологиялық көмек көрсету болып табылады.

106. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде психологтардың негізгі функциялары:

1) диагностикалық функция - сотталғандардың жеке басын зертеуге бағытталған;

2) консультациялық функция - сотталғандарға жеке психологиялық проблемаларын шешуде психологиялық, сондай-ақ психологиялық факторларды ескере отырып, мекеме қызметкерлеріне қызметтік міндеттерді шешуде кеңестік көмек көрсетуге бағытталған;

3) психокоррекциялық - сотталғандардың жеке тұлғасының әлеуметтік-психологиялық белгілерін және құндылық бағыттарын мақсатты түрде өзгертуден тұрады;

4) болжамдық және психопрофилактикалық - мінез-құлықты болжау, сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен негізделген жеке тұлғалық жанжалдарды, психоэмоционалдық бұзылуларды, невротикалық үзіктерді уақытылы ескертуден тұрады;

5) ағартушылық - сотталғандар арасында қажетті психологиялық білімді тарату және олардың психологқа деген сенімін және оның қызметіне жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру, қызметкерлердің психологиялық мәдениеті мен құзыреттілік деңгейін арттыру;

6) зерттеушілік - ғылыми-зерттеу мекемелеріне пенитанциарлық психология саласында зерттеулер мен тәжірибелер жүргізуде жәрдемдесу, бас бостандығынан айыру орындарында түрлі әлеуметтік-психологиялық құбылыстар мен процестерді зерделеуге бағытталған.

107. Сотталғандарды жасақтар бойынша бөліп-тарату мәселелерін шешуде,

сотталғандарды ШТМББ-ға ұсыну, ТМ түрін өзгерту, айдауылсыз ілестіріп жүру немесе жүріп-тұру құқығын беру, жазаны өтеу жағдайларын өзгеру, ТМ-нен тыс шығуға рұқсат беру мәселелерін шешуде психологтардың қатысуы міндетті.

108. Сотталғандармен тәрбие жұмысында психологиялық-педагогикалық әдістерді тиімді қолдану мақсатында, ТМ және ТИ психологтары:

1) ТМ және ТИ-дың лауазымды адамдарынан кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін сотталғандардың мінез-құлқын сипаттайтын қажетті (құпиялықтан басқа) ақпаратты алуға және сұратады;

2) сотталғандармен психодиагностикалық жұмыстар негізінде ұсынылған ұсынымның орындалу барысын бақылайды;

3) қызметкерлерді, лауазымды және өзге де адамдарды таныстыруға арналған өз жұмысының нәтижесінде алынған ақпараттың сипатын, мазмұнын, оның көлемін дербес анықтайды;

4) диагностикалық тексеру нәтижесінде немесе өзге де тәсілмен алынған келеңсіз психологиялық ақпаратты көмек сұрап келген адамнан құпия сақтайды (егер ол қылмыс жасаумен немесе қылмыс жасауға дайындықпен байланысты болмаса), сондай-ақ тұлғаның психикалық жай-күйіне теріс әсерін тигізуі мүмкін болған жағдайда берілген ақпаратты түзетеді;

5) сотталғандарға олардың тарапынан ТМ, ТИ психологтарының, қызметкерлерінің қызметіне жағымсыз қарым-қатынастың болуы жағдайларында, ТМ және ТИ-дың қалыпты жұмыс істеуіне немесе әлеуметтік жағдайды шиеленісуге әкеп соқтыратын психологиялық рәсімді өткізуде негізгі мақсатын көрсетпейді;

6) ТМ, ТИ басшылығының келісімі бойынша ерекше біріділікті талап ететін кеңестік, әдістемелік, практикалық жұмыстар мен іс-шараларды өткізу үшін штатта тұрмаған мамандарды тартады;

7) ТМ, ТИ бастығына ұсынымдар енгізуге, психологтарды материалдық-техникалық жарактандыру және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері бойынша белгіленген тәртіппен өтінімдер береді;

8) психологтың кәсіптік мәртебесіне нұқсан келтіретін немесе одан көмек сұраған адамға зиян келтіруі мүмкін іс-шараларды өткізуге және іс-әрекетті жүзеге асырудан бас тартады.

109. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу кезінде ТМ, ТИ психологтары:

1) жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың бұйрықтарын, нұсқауларын және тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді;

2) заңдылықты, қызметтік тәртіпті сақтайды;

3) кәсіби құпияны қатаң сақтайды: нұсқаулық материалдарын бермейді, психологиялық әдістердің негіздерін, психодиагностикалық немесе

психокоррекциялық практиканы жүргізуге уәкілетті емес адамдардың сол немесе өзге де психологиялық әдістерін жариялайды;

4) практикалық іс-әрекетте кәсіби құзыретті жұмыстың нысандарын және әдістерін қолданады;

5) өз жұмысында жеткілікті түрде қазіргі заманғы психологиялық ғылым шеңберіндегі апробациядан өткен және адамның психологиялық физиологиялық денсаулығына қауіпсіз болып табылатын диагностика әдістемесін пайдаланады. Ықпал етудің қолданылатын әдіс-тәсілдері тексерілушінің өмір сүру жағдайын, мінез-құлқын, олардың әлеуметтік демографиялық және криминалистік сипаттамасын ескеруі тиіс;

